

**ІШКІ ЕҢБЕК КӨШІ-ҚОНЫ ЖӘНЕ ОНЫ ҢНТАЛАНДЫРУ ШАРАЛАРЫ:
«ДИПЛОММЕН АУЫЛҒА» ЖОБАСЫНЫҢ КЕЙСІ**

**INTERNAL LABOR MIGRATION AND MEASURES TO STIMULATE IT:
THE CASE OF THE «WITH A DIPLOMA TO THE VILLAGE» PROJECT**

**ВНУТРЕННЯЯ ТРУДОВАЯ МИГРАЦИЯ И МЕРЫ ЕЕ СТИМУЛИРОВАНИЯ:
КЕЙС ПРОЕКТА «С ДИПЛОМОМ В СЕЛО»**

С.М. ЖАПАҚОВ^{1*}

экономика магистрі

Е.Т. ӨМІРЖАНОВ¹

Ph.D, доцент

Ф.Қ. ҚҰТЛЫМУРАТОВ²

Ph.D, доцент

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²Бердақ атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университеті, Нукус, Өзбекстан

*автордың электрондық пошмасы: sabyrzhan.zhapakov@kaznu.edu.kz

S. ZHAPAKOV^{1*}

Master of Economics

Ye. OMIRZHANOV¹

Ph.D, Associate Professor

F.K. KUTLIMURATOV²

Ph.D, Associate Professor

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²Berdak Karakalpak State University, Nukus, Uzbekistan

*corresponding author e-mail: gulsuma-89@mail.ru

С.М. ЖАПАКОВ^{1*}

магистр экономика

Е.Т. ОМИРЖАНОВ¹

Ph.D., доцент

*электронная почта автора: sabyrzhan.zhapakov@kaznu.edu.kz

Ф.К. КУТЛЫМУРАТОВ²

Ph.D, доцент

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Каракалпакский государственный университет им. Бердака, Нукус, Узбекистан

*corresponding author e-mail: sabyrzhan.zhapakov@kaznu.edu.kz

Аңдатпа. Мақала "Дипломмен ауылға" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру контекстінде ауылдық жерлерге ішкі еңбек көші-қоны мәселелерін қарауға арналған. Тақырыптың өзектілігі қалалық және ауылдық аумақтар арасындағы еңбек ресурстарының теңгерімсіздігін, сондай-ақ аграрлық сектордағы білікті кадрлардың тапшылығын жою қажеттілігіне байланысты. *Мақсаты* – еңбек әлеуетін қайта бөлуге, жас мамандардың ауылдық округтерге ұтқырлығын ынталандыруға және оларды осы өңірлерде бекітуге бағытталған мемлекеттік реттеу шараларының пәрменділігін көрсету. Зерттеу нысаны- ауылдық жерлерде жұмысқа орналасуға дайын жоғары және орта кәсіптік оқу орындарының түлектерін қолдауға бағытталған "Дипломмен ауылға" жобасының қатысушылары. Міндеттер ретінде: өңірлік бөліністеі көші-қон ағындарының динамикасын, көшу туралы шешімге әсер ететін мотивациялық факторларды бағалау және мемлекеттік қолдау тетіктерін зерделеу айқындалды. *Әдістері* - статистикалық деректерді өңдеу, стейкхолдерлерге сауалнама жүргізу, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілдерімен сұхбат жүргізу үшін сандық және сапалық талдау, релокациялық процестер проблемаларын мониторингілеу кезінде салыстырмалы-талдамалық тәсіл. *Нәтижелер* - бағдарламалық құжат ауылдық елді

Аннотация. Статья посвящена рассмотрению вопросов внутренней трудовой миграции в сельскую местность в контексте реализации государственной программы «С дипломом в село». Актуальность темы обусловлена необходимостью устранения дисбаланса трудовых ресурсов между городскими и сельскими территориями, а также дефицита квалифицированных кадров в аграрном секторе. *Цель* – показать действенность мер государственного регулирования, направленных на перераспределение трудового потенциала, стимулирование мобильности молодых специалистов в сельские округа и закрепления их в этих регионах. Объектом исследования выступают участники проекта «С дипломом в село», ориентированного на поддержку выпускников высших и средних профессиональных учебных заведений, готовых трудоустроиться в сельских районах. В качестве задач определены: оценка динамики миграционных потоков в региональном разрезе, мотивационных факторов, воздействующих на решение о переезде, и изучение механизмов государственной поддержки. *Методы* - количественного и качественного анализа для обработки статистических данных, анкетирования стейкхолдеров, интервьюирования с представителями органов местного самоуправления, сравнительно-аналитический подход при мониторинге проблем релокационных процессов. *Результаты* - установлено, что программный документ способствует увеличению числа молодежи, работающей в сельских населенных пунктах, однако сохраняется нежелательная ситуация с низким уровнем укрепления кадрового состава на местах, росту миграционного движения. *Выводы* - автор акцентирует внимание на необходимости совершенствования инструментов социальной и профессиональной адаптации окончивших вузы, более гибкого подхода к реализации комплекса мероприятий. Миграция сельского населения в крупные города – это вызов, с которым сталкиваются многие страны. Чтобы минимизировать негативные последствия следует создавать привлекательные условия для жизни и работы, внедрять инновации и поддерживать молодое поколение. В конечном итоге это создаст сбалансированную и гармоничную социально-экономическую структуру как в отдельных областях, так и республике в целом.

198

Keywords: rural territories, internal labor migration, state program, migration policy, professional personnel, rural infrastructure, labor resources.

Ключевые слова: сельские территории, внутренняя трудовая миграция, государственная программа, миграционная политика, профессиональные кадры, сельская инфраструктура, трудовые ресурсы.

Мақала түсті: 07.11.2025. Сараптамадан кейін мақұлданған: 07.12.2025. Қабылданды: 15.12.2025

Кіріспе

Ішкі еңбек миграциясы – бұл кез-келген мемлекеттің экономикасына және әлеуметтік жағдайына үлкен әсер ететін маңызды мәселе. Қазақстанның тәуелсіздік алып, нарықтық экономикаға көшкеннен кейін халықтың миграцияға қатысу көрсеткіші едәуір артты. Бұл процесс тек еліміздің ішкі құрылымына ғана емес, сонымен қатар халықтың өмір сапасына да әсер етеді. Ішкі миграцияның құрылымы мен бағыты мемлекет үшін стратегиялық маңызға ие болып, әлеуметтік және экономикалық даму салаларында тың міндеттерді қойып отыр.

Халықтың миграциясы әлеуметтік-экономикалық, саяси, этникалық, экологиялық және басқа да әртүрлі факторлардың әсерінен қалыптасып, бүгінгі таңда жаңа сипатқа ие болды. Ішкі еңбек миграциясы көбінесе ауылдық жерлерден қалаларға және индустриалды орталықтарға бағытталған. Бұл процесс елдің дамуына үлес қосып, белгілі бір аймақтардың еңбек ресурстарының толықтырылуына әсер етеді.

Осы зерттеудің мақсаты – «Дипломмен – ауылға» бағдарламасының еңбек ресурстарын өңірлер арасында қайта бөлуге ықпалын бағалау және ішкі еңбек көші-қонын ынталандыру шараларының тиімділігін анықтау. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды: өңірлік бөліністе көші-қон ағындарының серпінін талдау; жас мамандардың көшу туралы шешіміне әсер ететін мотивациялық және демотивациялық факторларды айқындау; сондай-ақ бағдарламаның шеңберінде іске асырылып жатқан мемлекеттік қолдау тетіктерін зерттеу.

Зерттеудің әдістемелік негізіне статистикалық деректерді талдау, бағдарлама қатысушыларына сауалнама жүргізу, жергілікті атқарушы орган өкілдерімен сұхбат, сондай-ақ салыстырмалы-талдамалық тәсіл қолданылды. Мұндай кешенді әдіснама көші-қон шешімдерінің табиғатын тереңірек түсінуге және осы саладағы мемлекеттік саясатты жетілдіруге бағытталған практикалық ұсынымдарды әзірлеуге мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері бағдарламаның еңбек ресурстарын жұмылдыру құралы ретіндегі маңыздылығын көрсетті, алайда көші-қон ағынының тұрақтылығы, мамандарды

ауылда бекіту және өңірлік іске асыру тиімділігіндегі айырмашылықтар секілді бірқатар мәселелер бар екенін айғақтады. Бұл зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығын көрсетеді және болашақ ғылыми ізденістер мен көші-қон саясатын жетілдіруге негіз бола алады.

Әдебиетке шолу

Сырттан келуші мигранттардың елдегі жұмыс күшіне бәсекелес болып, белгілі бір аумақтарда тұрғылықты халықтың жұмыссыздыққа ұшырауына ықпал етіп жатқанын теріске шығара алмаймыз. Біріккен Ұлттар Ұйымы берген мәліметке сәйкес, дүние жүзінде 281 млн халықаралық мигрант, қоныс аударғандардың саны 2022 жылдың соңына қарай рекордтық көрсеткішке – 117 млн жетті (World Migration Report ...) [1].

Елімізден сыртқа қоныс аударушылардың санының артуы да елдің ішіндегі миграцияға үлкен әсерін тигізуде. 2012-2019 жылдары 300 мыңға жуық адам елімізден өзге елдерге қоныс аударған. Елден кеткен әрбір үшінші адам жоғары білімді азаматтар (Панченко Т.) [2]. Әрине, сыртқа кеткен адамдардың орнын еліміздің басқа өңірінен келген мигранттар толықтыруда. Жыл өткен сайын елдің ішіндегі қоныс аударушылардың саны артуда. Жалпы алғанда, әртүрлі жағдайлардың әсерінен Қазақстан халқы соңғы жылдары мобильденіп, миграция жоғары деңгейге көтерілді.

Ел экономикасының тұрақталып, ірі қалаларда өндіріс орындарының ашылуы, құрылыс жұмыстарының кең етек алуы қалаларға қоныс аударушылардың санының артуына ықпал жасады, моно қалалар мен ауылдық жерлерден ірі қалаларға қоныс аударушылар саны жыл өткен сайын өсіп келеді. 2004 жылы алғаш рет ішкі миграция сыртқы миграциядан басымдылығын көрсетті. Ішкі мигранттардың саны 319652 адам болды (Sunam R., Barney K., McCarthy J. F.) [3].

Мемлекет ішкі еңбек миграциясын ретке келтіріп, ауылды жерлерде жоғары білімді кадрларды тұрақтандыру мақсатында және жастарды жұмыспен қамтуды кешенді түрде жүзеге асыру бағытында «Дипломмен – ауылға» атты айрықша бағдарлама қабылдап жүзеге асыруда. «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы тек жастарды жұмыспен қам-

туды ғана емес, сонымен қатар, ішкі еңбек миграциясын реттеуді жүзеге асыратын бірегей бағдарлама болып табылады.

XX-ғасырдың екінші жартысында әлем елдерінің көпшілігінде ішкі миграция мәселесі алдыңғы орынға шықты. Іші миграцияны мемлекеттік бақылау бойынша көршілес Қытай елінің тәжірибесін алуға болады. Қытай 1951 жылы хукоу жүйесі арқылы қалалық жерлер мен ауылдық жерлердегі халықтың қоныс аударуын қадағалауды бастаса бұл тәртіп 1955 жылы қала ішіндегі аудандарға да таралды. Хукоу жүйесі 1958 жылы Ұлттық өкілдердің Жалпықытайлық жиналысында жарияланған болатын. Хукоудың басты мақсаты ауылдық жерлердің халқын сол аумақта ұстап қалалардағы индустрияландыруды азық-түлікпен қолдау болды (Конарбаева М.М.; Di Stefano E., Tonelli F.) [4,5].

1980 жылдары Қытай нарықтық экономикаға орын бере бастады, сондықтан, қаладағы еңбек күшіне сұраныс артып, тіркеу жүйесі қолайсыз болды. 1984 жылы «тағаммен қамтамасыз ету хукоуы» енгізілді, оған сәйкес, көшіп келушінің жұмысы болуы және өзінің күнделікті қажеттіліктерін қамтамасыз етуге қабылетті болуы тиіс болды 1992 жылы «көгілдір мөр хукоуы» енгізілді, оған сәйкес, көшіп келушіге тұрақты тіркеуге рұқсат етілді және 5 жылдан кейін олар толыққанды тұрғынға айналды. Көгілдір мөрге ие болу үшін көшіп келуші өзінің жеткілікті қаржысының, муниципалитетке қажет деңгейдегі білімінің, қабілетінің бар екендігін дәлелдеуі тиіс болды (Бодаухан К., Женсхан Д., Жолмуханова А.Ж.) [6].

Материалдары мен әдістері

Халықтың миграциялық үдерістеріне әлеуметтік-экономикалық, саяси, этникалық, экологиялық сияқты әртүрлі факторлар өз әсерін тигізуде. Осы тұста сыртқы миграцияның да еліміздегі ішкі миграцияға, атап айтқанда ішкі еңбек миграциясына өз әсерін тигізіп отырғанын айта кету керек. Бұл зерттеуде «Дипломмен – ауылға» мемлекеттік бағдарламасының ауылдық жерлерге бағытталған ішкі еңбек көші-қонына ықпалын бағалауға мүмкіндік беретін сандық және сапалық талдау әдістері қолданылды.

Қолданылған зерттеу әдістері: статистикалық талдау - бағдарлама қатысушыларының саны, кадрларды бекіту деңгейі мен өңірлік айырмашылықтар бойынша мәліметтерді өңдеу және түсіндіру үшін қолданылды; сауалнама әдісі – ауылға көшу және еңбек қызметін жалғастыру туралы шешім қабылдауға әсер ететін мотивациялық және демотивациялық факторларды анықтауға бағытталды; сапалық сұхбаттар-бағдарла-

маның іске асырылуындағы институционалдық және ұйымдастырушылық аспектілерді тереңірек түсінуге мүмкіндік берді; салыстырмалы-талдамалық тәсіл – әртүрлі өңірлердегі бағдарламаның жүзеге асырылу нәтижелерін ауылдық аумақтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен ерекшеліктерін ескере отырып салыстыру үшін қолданылды.

Аталған әдістерді қолдану алынған деректердің шынайылығы мен репрезентативтілігін қамтамасыз етті, сондай-ақ жастардың ішкі еңбек көші-қонын ынталандыруға бағытталған бағдарламаның табыстылығын айқындайтын факторларды кешенді түрде анықтауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер

2024 жылы Қазақстанда шамамен 6 256 ауылдық елді мекен бар, онда шамамен 7,6 млн адам тұрады. Олардың ішінде 546 ауылдық елді мекенде халық саны 50 адамнан аз, ал 5 000 адамнан асатын үлкен елді мекендер жергілікті экономикалық және әлеуметтік орталықтар ретінде қызмет атқарады. Осылайша, ауылдық елді мекендер демографиялық және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің кең ауқымын көрсетеді. Қалаларға көшу тенденцияларына қарамастан, ауылдық жерлер демографиялық, экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан маңызды болып қала береді, аграрлық сектордың тұрақты қызметін қамтамасыз етіп, жергілікті әлеуметтік құрылымдарды қалыптастыруға және аймақтық теңгерімділікті қолдауға үлес қосады (Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау... Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық...; Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау... Қазақстан Республикасының облыстар...) [7,8].

Жалпы елімізде экономикалық ахуалдың жоғары болмауы, барлық өңірлерде кәсіпорындардың толыққанды жұмыс жасамауы ішкі мигранттардың нақты бір аймақтарға шоғырлануына әсер етуде. Соңғы жылдары Алматы, Астана, Қарағанды сияқты қалаларда ішкі мигранттар көптеп жинақталуда. Бұл өз кезегінде ауылдардағы халық санының одан әрі кемуіне ықпал етуде.

Ішкі миграция мемлекет тарапынан жіті қадағалануда, статистикалық агенттіктің мәліметтері бойынша ішкі миграция көрсеткіші әр жыл сайын артып отырды, 2016 жылы ішкі миграцияға қатысушылар саны 616 894 адам болса, 2023 жылы ішкі миграцияға қатысушылар саны 1 023 573 адамға жетті.

Ішкі миграцияға қатысушылар санының артуы оларға қатысты арнайы зерттеулер жүргізуді, ішкі миграцияның ауқымдылығын

азайтуға бағытталған мемлекеттік саясатты да қайта қарастыруды талап етеді. Себебі, тұрғындардың жаппай бейберекет ішкі миграцияға қатысуы көптеген жағымсыз салдарларға алып келуі мүмкін.

Мемлекет тарапынан миграцияны құқықтық реттеуге бағытталған көптеген нормативтік-құқықтық актілер қабылданды. Олардың қатарына келесілерді жатқызамыз: «Азаматтық туралы» 20 желтоқсан 1991 жылғы Қазақстан Республикасының Заңы, «Иммиграция туралы» 1992 жылғы Қазақстан Республикасының Заңы (күшін жойған), «Халықтың көші-қоны туралы» 13 желтоқсан 1997 жылғы Қазақстан Республикасының Заңы (күшін жойған), «Шет елдіктердің құқықтық мәртебесі туралы» 19 маусым 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Заңы.

Замандық ағымға сай мынадай актілері атай аламыз; «Қазақстан Республикасында шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға саяси баспана беру тәртібі туралы» 15 шілде 1996 жылғы Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығы, «Қазақстан Республикасының азаматтығымен байланысты мәселелерді қарастыру тәртібі туралы» 27 қыркүйек 1996 жылғы Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығы, «Шет елдік азаматтардың Қазақстан Республикасына келуін құқықтық реттеудің жекелеген мәселелері» бойынша 28 қаңтар 2000 жылғы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы, «Халықты жұмыспен қамту туралы» 23 қаңтар 2003 жылғы Қазақстан Республикасының Заңы, «Халықтың көші-қоны туралы» 22 шілде 2011 жылғы Қазақстан Республикасының Заңы.

Халықтың көші-қонын мемлекеттік реттеу бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 қазандағы N 1371 Қаулысымен бекітілген 2001-2010 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының көші-қон саясатының бағдарламасы қабылданып, жүзеге асырылды. Аталған бағдарламаға сәйкес, Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының негізгі мақсаты көші-қон процестерін басқару, тұрақты демографиялық дамуды қамтамасыз ету, еліміздің мемлекеттік қауіпсіздігін нығайту және көшіп-қонушылардың құқықтарын іске асыру үшін жағдай жасау екендігі айқындалған болатын. Осы бағдарлама аясында халықтың ішкі көші-қонын реттеудің әдістемелік негіздері мен негізгі бағыттары да нақтыланды.

Мемлекет тұрғындарды ерікті негізде еліміздің нақты бір аймақтарына қоныстандыру мәселесіне, кейбір маман иелерін сол мамандық иелері тапшы елді мекендерге

бағыттау мәселесіне де алғаш рет осы құжатта мән берген еді. Атап айтқанда, ішкі көші-қонды 2006-2010 жылдарда реттеудің келесідей бағыттар бойынша іс-шараларын ұйымдастыру қарастырылған еді: Халықты экономикалық өсу нүктесіне, шағын қалалар мен ауылдық елді мекендерге ерікті негізде өндірістің даму ізімен аймақтардағы демографиялық ахуалды ескере отырып, өмір сүру үшін жағдайдың болуына қарай тарту үшін ынталандыру шараларын жасау; Проблемалық аймақтардың және қалалардың өсу нүктесіне жоғары білікті кадрларды, жоғары оқу орындарының, училищелердің және т.б. бітірушілерін тарту үшін ынталандыру шараларын дамыту.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 28 тамыздағы N 399 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2007-2015 жылдарға арналған тұжырымдамасында ішкі еңбек миграциясы бойынша жұмыс күшінің аумақтық ұтқырлығын арттыру үшін экономикалық жағдай жасауға (тұрғын үй нарығы мен еңбек нарығының тең дамуын қамтамасыз етуге); өңірлік еңбек нарықтарының теңгерімділігін қамтамасыз ету үшін экономикалық белсенді халықты аумақтық қайта бөлуді ынталандыру тетігін әзірлеуге мән берілді.

Мамандарды нақты өңірлерге мемлекеттік қолдау жасай отырып орналастыру саясаты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қыркүйектегі №602 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2017-2021 жылдарға арналған тұжырымдамасында да жалғасын тапты. Аталған құжатта ішкі еңбек миграциясын ретке келтіру бойынша нақты атқарылатын іс-шаралар айқындалған болатын, оларға келесілерді жатқызамыз: "өсу мекендерінің" еңбек нарығында қалыптасқан сұранысқа, ықтимал ішкі мигранттардың біліктілігі мен жұмыс тәжірибесіне сәйкес ел ішінде қоныс аударудың өңірлік квотасы белгіленді.

Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №961 қаулысымен бекітілді. Аталған тұжырымдама бойынша көші-қон саясатының жетінші бағыты – қоныс аудару бағдарламаларын қайта қарау есебінен жұмыс күші артық және жұмыс күші тапшы өңірлер арасындағы демографиялық теңгерімсіздікті теңестіру үшін қазақстандықтардың ішкі ұтқырлығын ынталандыру болып бекітілді. Жаңартылған бағдарламаның мәні трансферт арқылы жұмыс орындарын құра оты-

рып, азаматтардың солтүстік және орталық өңірлерге реттелетін қоныс аударуын ұйымдастыру және елдің басқа облыстарында іргесі қаланған қолданыстағы бизнес-жобаларды кеңейту.

Халықтың ішкі еңбек миграциясы мәселесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 16 қарашадағы №767 қаулысымен бекітілген Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасында да көрініс тапқан болатын. Аталған бағдарлама аясында ауылдық жерлердегі халықты тұрақтандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ішкі миграцияны ауыздықтауға байланысты кейбір іс-шараларды одан ары жетілдіру қолға алынған еді.

Аталған мәселе Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 ақпандағы №191 қаулысымен мақұлданған "Қазақстан – 2020: болашаққа жол" Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында да көрініс тапқан еді. Тұжырымдаманың «Жастарды жұмыспен қамту үшін жағдайлар жасау» атты бағытына сәйкес, мемлекет жастарды жұмысқа орналастыруға және жұмыспен қамтуға жәрдем көрсету жөніндегі жұмысты жетілдіреді.

Жастардың экономиканы үдемелі инновациялық индустрияландыру, ауыл шаруашылығын жаңғырту, шағын және орта бизнесті дамыту, мемлекеттік қызмет деңгейінің сапасын арттыру жөніндегі бағдарламаларды іске асыруға, қатысуына ерекше назар аударады. Осы бағытта «Дипломмен – ауылға» жобасына ары қарай қолдау көрсету жоспарланған. «Дипломмен – ауылға» жобасы арқылы ауылдық жерлерге өмір сүру және жұмыс істеу үшін келген әлеуметтік салалар мамандарына мемлекет тарапынан әлеуметтік қолдау көрсету қарастырылған болатын.

2008 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының «Ауылды тұрғылықты пункттерінде әлеуметтік салалардың қызметкерлерін ынталандыру және әлеуметтік қолдау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап өз күшіне енді, онда ауылды тұрғылықты пункттеріне өмір сүру және жұмыс істеу үшін келген әлеуметтік салалар мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қарастырылған.

Аталған заң шеңберінде ауылдық елді мекендерде қызмет етуші қызметкерлердің құқықтық мәртебесін айқындаушы бірқатар заң актілеріне өзгертулер енгізілді. Атап

айтқанда, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына, "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2003 жылғы 4 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына, "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына, "Мәдениет туралы" 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, ауылдық жерлерге өмір сүруге және қызметке баратын жас мамандардың әлеуметтік-экономикалық жағынан қамтылуына қатысты нақты шешімдер қабылданды.

Мемлекетпен ауылдық жерлерде өмір сүруге және қызмет істеуге баратын денсаулық сақтау, спорт, әлеуметтік қамсыздандыру, агроөнеркәсіп, мәдениет, білім беру салаларының мамандарына мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау межесі айқындалды.

Маманды жұмысқа жіберу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде квота шегінде педагогтік, медициналық және ветеринарлық мамандықтар бойынша оқуға түскен ауыл (село) жастары қатарынан шыққан азаматтардың, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпанда қабылдаған №183 Ауылдық жерлерде жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау мамандар шаралар, білім беру, әлеуметтік әл-ауқатын, мәдениет, спорт және ветеринария, әлеуметтік қолдау Ережесіне сәйкес, мамандар қажет ауылды жерлерге өмір сүру және жұмыс істеу үшін қалалардан және басқа да тұрғылықты жерлерден келгендерге (сонымен бірге ауылдан) қолдау көрсету шаралары қарастырылған.

Тиімді еңбек ету мақсатында жан-жақты жолдар да назарға алынып отыр, оған келесілерді жатқызамыз: 100 АЕК (277 800 теңге) көлемінде көтерме ақы бір жолғы жәрдемақыны төлеу; 1500 АЕК (4 167 000 теңге) көлемінде 0,01% сыйақы мөлшерлемесімен, 15 жыл мерзімге арналған тұрғын үй алуға және құрылысы үшін бюджеттік несие (АЕК 2020 жылы сәуірде бекітілген); Ауылды тұрғылықты пункттерінде орналасқан әлеуметтік салалар мекемелерінің мамандарына қызметтік еңбекақыларын 25% жоғарылату (тарифтік мөлшерлеме) бекітілген болатын. Аталған құжаттың күші Қазақ-

стан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 17 шілдедегі №603 қаулысымен жойылды.

«Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын көрсету» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің 2015 жылғы 27 наурыздағы №275 бұйрығына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сай, көрсетілетін қызметті алушы тапсыратын құжаттардың тізбесі айқындалып берілген. Онда көтерме жәрдемақы алған кезде, көтерме жәрдемақыны және тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредит алған кезде, көтерме жәрдемақы және тұрғын үй салуға бюджеттік кредит алған кезде көрсетілетін қызметті алушы тапсыруға тиіс құжаттары айқындалып көрсетілген.

Аталған жәрдем түрлеріне тапсырылған құжаттар бойынша жұмыс істеу тәртібі де нақтыланған, мысалы, көтерме жәрдемақыны және тұрғын үй салуға бюджеттік кредитті алған кезде рәсімделген құжаттарды жинақтаған соң, оны ауылдық аумақтарды дамыту жөніндегі аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) уәкілетті орган комиссияның жұмыс органына ұсыну қажет болатын. Сондай-ақ, құжаттар түпнұсқалармен бірге берілетін және оны көшірмемен салыстырғаннан кейін олар иесіне қайтарылатын еді. Жұмысшы орган мамандардың құжаттарын қабылдайтын, тіркейтін, олардың растығын тексеретін, қаржы құралдарына қажеттілікті есептейтін және бес күн ішінде комиссия қарауына жіберетін.

Құжаттарды реттеп отыру – өте жауапты іс. Ал комиссия құжат түскеннен бастап, он күн ішінде ұсынылған құжаттарды қарап, аудан әкімдігіне маманға әлеуметтік қолдауды қарастыруды ұсынады. Аудан әкімдігі комиссия ұсынысы келіп түскеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде маманға әлеуметтік қолдау шараларын көрсету туралы қаулы қабылдайтын еді. Қаулы қабылданғаннан кейін 7 күнтізбелік күн ішінде аудан әкімі, маман және сенімді өкіл арасында мамандарға бекітілген формада әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну келісімі жасалатын.

Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры 2010 жылдан бастап аталған жобаның басты операторы, тұрғын үйді сатып алуға немесе салуға бюджеттік несиелерді беру бойынша сенім білдірілген өкіл (агент) болған. Жалпы «Дипломмен – ауылға» жобасын жүзеге асыру кезеңінде 60 мыңнан

астам маманға 7,4 млрд. теңге көлемінде көтерме жәрдемақы берілді, ал 27,5 мыңнан астам маманға тұрғын үй сатып алуға 70,6 млрд. теңге бюджеттік несие берілді. Салалар тұрғысынан алғанда, келген мамандардың жалпы санынан 42 745 адам (71,2%) – білім беру саласында, 12 705 (21,2%) – денсаулық сақтау саласында, 1 604 (2,7%) – мәдениет, 863 (1,4%) – спорт, әлеуметтік қамсыздандыру саласында – 483 (0,8%) және агроөнеркәсіптік кешенде – 1 665 (2,8%) адам жұмыс істейді.

«Дипломмен – ауылға» бағдарламасы бойынша соңғы бес жылда Түркістан облысының ауылдарына ең көп мамандар тартылды – 7,8 мың адам немесе жалпы санынан 17,3%, Алматы облысына – 4,9 мың адам немесе 11,0%, Батыс Қазақстан облысына – 4,2 мың адам немесе 9,3% (Selod H., Shilpi F.) [9]. Келтірілген ресми көрсеткіштердің «Дипломмен – ауылға» мемлекеттік бағдарламасының ішкі еңбек миграциясына оң ықпал етіп, еңбек ресурстарының қаладан ауылға бағытталуына ықпал ете алатындығын көрсете алады. Әр жас маманның отбасы бар екендігін немесе отбасы құратындығын ескерсек, сол мамандармен бірге ауылдық жерлердегі халық санының да артатындығын естен шығаруға болмайды.

Өзге мемлекеттік бағдарламалардан ерекшелігі «Дипломмен – ауылға» жобасының мемлекет үшін маңыздылығы жыл санап артуда. Қатысушыларды ынталандыру мақсатында жобаға әртүрлі оң өзгерістер енгізілуде. Мысалы, 2019 жылдан бастап қайтарымсыз берілетін көтермемақының да көлемі өсті: бұған дейін 70 айлық есептік көрсеткіш көлеміндегі (АЕК) қаржы берілсе, шілденің 1-інен бастап 100 айлық есептік көрсеткіш көлемінде ақша берілуде.

Бағдарламаға қатысу үшін жап-жас болу, университет немесе институт бітіру міндет емес. Маманның жас ерекшелігінде шектеу жоқ. Сондай-ақ, колледж түлектері де қатыса алады. Маманның оқуды қашан аяқтағаны да маңызды емес. Ең бастысы, ауылды көркейтуге үлес қосуды мақсат етіп, ауыл үшін қызмет еткісі келетін әлеуметтік саланың маманы болуы тиіс. Сондай-ақ, кем дегенде 3 жыл ауылда тұруы керек. Баспанасы болмауы тиіс (Takahashi Y., Kubota H., Shigeto S. et al.; Hoogerbrugge M., Burger M.) [10,11].

Мемлекет «Дипломмен – ауылға» бағдарламасын жыл артқан сайын қаржыландыру сомасын арттырып, оған қатысушылар санын арттыруға мүдделі. Мысалы, бағдарлама аясында 2016 жылы 2 892 маманға 8,6 млрд. теңге, 2017 жылы 3 412 маманға 11

млрд. теңге бөлінген (Бекенұлы А.; Meng X., Zhang D.) [12,13]. 2018 жылы – 13,7 млрд. теңге бөлінген, ал 2019 жылы 14,8 млрд. теңге көзделген еді.

Бағдарламаны жүзеге асыруда кейбір теріс жағдайлар да орын алуда, бағдарлама қатысушыларының барлығы дерлік өз міндеттемелерін толыққанды орындауда деп айта алмаймыз. Жер-жерлерде бағдарлама талаптарын бұзушылар да айқындалуда. Мысалы, кей өңірлерде мамандардың келісімшартты бұзып, басқа облыстарға көшіп кеткені анықталған (Акимбекова Ч.У., Григорук В.В., Мейрман К.М.) [14].

2019 жылы бағдарлама бойынша тұрақты қызмет істеп жүрген мамандарды кредитті өтеуде келісімшартта көрсетілген күнді басшылыққа алмағаны үшін айыппұл төлеуге мәжбүрлеу фактілері де орын алды.

Қазақстанның сегіз өңірінен (Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан және Павлодар облыстары) 230 жас маман қатысқан сауалнама нәтижелері респонденттердің негізгі сипаттамаларын, олардың бағдарламаға қатысу себептерін, еңбек пен өмір сүру жағдайларына қанағаттану деңгейін және болашаққа деген жоспарларын анықтауға мүмкіндік берді.

Сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігі – әйелдер (62%). Бұл көрсеткіш білім беру мен денсаулық сақтау салаларында мамандар құрамының феминизациялану үрдісін көрсетеді. Респонденттердің орташа


жасы – 24,7 жас, бұл бағдарламаның жаңа түлектерге бағытталғанын дәлелдейді.

Қатысушылардың 71%-ы жоғары білімге, 29%-ы орта арнаулы білімге ие. Салалар бойынша бөлінісі мынадай: білім беру – 55%, денсаулық сақтау – 28%, ауыл шаруашылығы мен ветеринария – 10%, басқа салалар (әлеуметтік қызметтер, мәдениет және т.б.) – 7%. Бұл деректер бағдарлама кадр тапшылығы бар әлеуметтік маңызды салаларды қамтуды мақсат еткенін көрсетеді.

Бағдарламаға қатысу себептері ретінде респонденттер ең алдымен қаржылай қолдауды (81%), жұмысқа орналасу кепілдігін (67%) және өз мамандығы бойынша жұмыс істеу мүмкіндігін (48%) атады. Сонымен қатар, 32% қалада жұмыс таба алмағандарын айтса, тек 15% ауылда тұруға саналы түрде ниет білдірген. Бұл ауылға көшуге негіз болатын себептердің ішінде экономикалық және прагматикалық факторлардың басымдығын көрсетеді.


Еңбек және өмір сүру жағдайларына баға беру нәтижесінде тек 18% толық қанағаттанғандарын, 52% ішінара қанағаттанғандарын, ал 30% қанағаттанбағандарын көрсетті (1,2 сурет).

Сонымен қатар, тек 39% ғана міндетті мерзім аяқталғаннан кейін ауылда қалуға ниетті екенін білдірсе, 44% қалғысы келмейтінін, 17% нақты жауап бере алмайтынын айтты. Бұл мәліметтер кадрларды ауылда тұрақтандыру мәселесінің өзекті екенін және қосымша бейімдеу мен ынталандыру шараларын қажет ететінін көрсетеді.



Ескерту: сауалнама негізінде авторлар құрастырған

1 сурет – Бағдарламаға қатысу себептері (бірнеше жауап таңдауға болатын)



■ Толық қанағаттанғандар ■ Жартылай қанағаттанғандар ■ Қанағаттанбағандар

Ескерту: сауалнама негізінде авторлар құрастырған

2 сурет – Еңбек және өмір сүру жағдайына қанағаттану бағасы

Респонденттердің айтуынша, негізгі қиындықтарға мыналар жатады: инфрақұрылымның (тұрғын үй-коммуналдық қызметтер, интернет) жеткіліксіздігі – 63%; жергілікті биліктің қолдауының аздығы – 41%;


әлеуметтік оқшаулану – 38%; жалақының төмендігі – 29%.

Бұл көрсеткіштер ұзақ мерзімді тұрақтандыру үшін әлеуметтік-тұрмыстық жағдайдың маңыздылығын көрсетеді (3,4 сурет).



Ескерту: сауалнама негізінде авторлар құрастырған

3 сурет – Қатысушылар кездескен негізгі қиындықтар



Ескерту:сауалнама негізінде авторлар құрастырған

4 сурет – Бағдарламаны жақсарту бойынша ұсыныстар

Бағдарламаны жетілдіруге қатысты ұсыныстар ішінде ең жиі айтылғандары:

- көтерме төлем мөлшерін арттыру - 57%;
- тұрғын үй бойынша жеңілдіктерді кеңейту – 46%;
- жас мамандар үшін тәлімгерлік қолдау жүйесін енгізу – 33%;
- ауыл мамандарының жалақысын арттыру – 60%.

Бұл ұсыныстар мамандарды тек тарту емес, сонымен бірге ауылда ұзақ уақыт тұрақтандыру үшін кешенді әрі тұрақты қолдау жүйесінің қажет екенін көрсетеді.

Зерттеу шеңберінде 18 респондентпен жартылай құрылымдалған сұхбаттар арқылы сапалы талдау жүргізілді.

Сауалнамаға «Дипломмен – ауылға» бағдарламасына қатысушы жас мамандармен қатар, жергілікті атқарушы органдардың (әкімдіктердің), ауылдық округтердің және білім беру ұйымдарының өкілдері де қамтылды. Сұхбаттардың басты мақсаты – қатысушылардың бағдарламаға қатысу себептерін, ауылдық ортаға бейімделу жағдайларын және кадрлардың ауылда ұзақ мерзімді тұрақтауына әсер ететін факторларды тереңірек түсіну.

Анализ нәтижесінде бірқатар өзекті тақырыптық бағыттар айқындалды.

Жас мамандардың пікірлерін саралау олардың бағдарламаға қатысушының негізгі себебі – мемлекеттік тараптан көрсетілген қаржылық қолдау болғанын көрсетеді. Атап айтқанда, бір реттік көтерме жәрдемақы мен жеңілдетілген тұрғын үй несиесін алу мүмкіндігі шешім қабылдауда маңызды рөл атқарған. Бұл олардың ауылға көшу шешімінде прагматикалық мотивацияның басым болғанын дәлелдейді.

«Егер бағдарлама болмаса, мен қалада қалар едім – бұл жақта мүмкіндік жоқ. Ал көтерме қаражатпен шешім қабылдау оңай болды» (қатысушы, 23 жаста, Түркістан обл.).

Сонымен қатар, сұралғандардың шамамен үштен бірі ауылға қайта оралып, өзінің туған жеріне пайдасын тигізуді мақсат тұтқан, яғни құндылықтық мотивацияны басшылыққа алған: «Мен өзім ауылдан шыққанмын, қайта келіп, пайдамды тигізгім келді. Біздің мектепке жаңа мұғалім қажет болып жүрген» (қатысушы, 25 жаста, Жамбыл обл.).

Сұхбат берушілердің басым бөлігі ауылда алғашқы айларда түрлі қиындықтарға тап болғанын айтты. Ең жиі айтылған мәселелер – инфрақұрылымның әлсіздігі: интернет сигналының нашарлығы, су жеткізудегі үзілістер, жол сапасының төмендігі және тұрмыстық жағдайдың нашарлығы.

«Ең қиыны – дұрыс орта жоқ: әріптестер жоқтың қасы, даму жоқ. Тек жұмыс пен үй» (қатысушы, 24 жаста, Солтүстік Қазақстан обл.).

Мұндай жағдайлар бейімделу процесін едәуір қиындатып, жұмыс пен өмір сүру сапасына қанағаттанбаушылықты арттырады.

Сұхбаттар барысында алаңдатарлық үрдіс анықталды: қатысушылардың көпшілігі міндетті үш жылдық мерзім аяқталған соң ауылда қалуды жоспарламайды. Бұған басты себептер – жалақының төмендігі, мансаптық өсу мүмкіндігінің жоқтығы және әлеуметтік оқшаулану.

«Қазірше төлемдер бар кезде шыдайсың. Кейін ше? Жалақы аз, үй өзімдікі емес, болашақ жоқ» (қатысушы, 26 жаста, Шығыс Қазақстан обл.).

Әкімдік өкілдері де бұл мәселені растап, көптеген өңірлерде кадрларды ұзақ мерзімді тұрақтандыру стратегиясы не дамымаған, не өте әлсіз жүзеге асырылып жатқанын мойындайды.

Жергілікті билікпен өзара іс-қимылға қатысты респонденттердің пікірлері әртүрлі болды. Кейбір облыстарда жас мамандар әкімдіктер тарапынан жақсы қолдау көрсетілгенін атап өтті: құжаттарды рәсімдеуге, баспанамен қамтамасыз етуге және ұжымға бейімделуге көмектескен.

«Әкімдік үй тауып берді, ұжыммен таныстырды, жиі жағдайымды сұрап тұрады – бұл өте маңызды» (қатысушы, 22 жаста, Ақмола обл.).

Бірақ басқа аймақтарда бюрократиялық кедергілер мен шенеуніктердің формалды көзқарасы сынға алынды:

«Құжаттарды өзім жарты жыл жинадым. Барлығы өз мойнымда болды. Ешкім жеңілдіктерді алу тәртібін дұрыстап түсіндірген жоқ» (қатысушы, 25 жаста, Павлодар обл.).

Сұхбаттасушылар бағдарламаның тиімділігін арттыру үшін нақты ұсыныстарын білдірді:

- жас мамандар үшін тәлімгерлік пен кәсіби менторлық қолдау жүйесін енгізу;
- білім беру және денсаулық сақтау салаларындағы жалақыны көтеру;
- инфрақұрылымды дамыту (интернет, тұрғын үй, көлік);
- ауылдық жердегі мәдени және әлеуметтік өмірді қолдау;
- кәсіби өсуге арналған мансаптық жолдар мен білім беру мүмкіндіктерін жасау.

Жүргізілген сапалы талдау «Дипломмен – ауылға» бағдарламасының бастапқы кезеңде жас мамандарды тартуда тиімді болғанын көрсетті. Алайда, ауылда кадрларды ұзақ уақытқа тұрақтандыруда бірқатар маңызды кедергілер бар екені байқалды.

(Шайкин Д.Н., Валиева М.М., Копылова О.В.) 15]. Негізгі қиындықтар – инфрақұрылым сапасының төмендігі, әлеуметтік бейімделу мәселелері және жүйелі қолдаудың жеткіліксіздігі. Сонымен қатар, кейбір өңірлерде жас мамандарды қолдау бойынша табысты тәжірибелер бар. Бұл бағдарламаны іске асыруда өңірлік ерекшеліктерді ескеретін икемді тәсілдің маңыздылығын көрсетеді.

Талқылау

2023 жыл 1 сәуірден бастап Отбасы банкі "Дипломмен – ауылға" жобасының сенімді агенті болып бекітілді. Сондай-ақ бағдарлама толығымен цифрлық форматқа ауыстырылды.

Жалпы алғанда, «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы осы уақыт аралығында өзінің өміршеңдігін және мемлекеттің ішкі еңбек миграциясын реттеу саясатының негізгі бағыттарының бірі бола алатындығын дәлелдей алды. Аталған бағдарлама аясында 60 мыңнан астам маманның жұмысқа орналасып, ауылдық жерлерде қызмет жасауы ішкі еңбек миграциясына мемлекет тарапынан ықпал етудің жақсы көрсеткіші деп айтуға болады. Бағдарламаға қатысушылардың басым бөлігінің жоғары білімді маман екендігін ескерсек, аталған бағдарламаның ауылдық жерлердің тұрғындарының сапасының артуына да ықпал жасап жатқанын көре аламыз. Дегенмен, ауылдық жерлерге барып қызмет жасайтын мамандардың санын бұдан әлдеқайда көп деңгейге жеткізуге болады.

Себебі, ауылдық жерлерде дәл қазіргі уақытта ірі ауыл шаруашылық кәсіпорындарының және ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу және қайта өңдеу кәсіпорындарының аз екендігін ескерсек, бұл салаға кешенді түрде мемлекеттік қолдау қажеттігі айдан анық. Сондықтан, әлемдік нарықтағы орын алған өзгерістерді басшылыққа алып, еліміздің басым бағыттарының бірі ретінде ауыл шаруашылығын дамытуға көңіл бөлетін уақыт туды. Соңғы кездері еліміздің билігі де ауыл шаруашылығын дамытуды басты мақсаттардың бірі ретінде айқындады.

Қорытынды

1. Ішкі еңбек миграциясын мемлекеттік реттеу және оны нақты аймақтарға бағыттап отыру кез-келген мемлекеттің басты назарда ұстайтын мәселелерінің бірі.

2. Бағдарламаны жүзеге асыру тетіктерін барынша жеңілдетіп, бюрократиялық кедергілерді жою, маманның жұмыс істеуге ынтасын арттыру үшін оған қолдау көрсету.

3. Ауылдық жерлердегі тұрғын үй бағасының өсуін және құрылыс материалдарының қымбаттауын ескеріп бағдарлама бой-

ынша жас мамандарға тұрғын үй сатып алуға немесе салуға берілетін жеңілдікті бюджеттік несие мөлшерін ұлғайту.

4. Бағдарлама бойынша қоныс аударушылар үшін әр өңірдің өңірлік ерекшеліктер мен өмір сүру деңгейін ескере отырып, берілетін жеңілдіктер мен өтемақылардың көлемін есептеу қажет.

5. Ауыл шаруашылығын кешенді түрде қарастырып, оны дамытуға қатысты жаңа мемлекеттік бағдарламалар қабылдау арқылы оған көптеген жаңа мамандарды тарту қажеттілігін тудыруға болады.

Авторлардың үлесі: Жапаков Сабыржан Малиұлы: мемлекеттік «Дипломмен – ауылға» бағдарламасының теориялық негіздерін зерттеп, бағдарламаның құқықтық негіздері мен құрылымын талдады; Өміржанов Есбол Тоқтарбайұлы: статистикалық мәліметтерді жинап, өңдеп, бағдарламаның ауылдық аймақтардағы ішкі еңбек көші-қонына әсерін бағалауға арналған салыстырмалы талдау жүргізді; Құтлымуратов Фархад Қалбаевич: бағдарламаның жүзеге асырылу барысын зерттеп, оның тиімділігін арттыру мақсатында мемлекеттік саясатты жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірледі.

Мүдделер қақтығысы: барлық авторлардың атынан корреспондент-автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Әдебиеттер тізімі

- [1] World Migration Report 2024 Reveals Latest Global Trends and Challenges in Human Mobility. Official site of the International Organization for Migration [Electronic resource]. - 2024. Available at: <https://www.worldmigrationreport.iom.int/news> (date of access: 17.09.2025).
- [2] Панченко, Т. Из Казахстана уезжают лучшие. Уезжают и будут уезжать [Электронный ресурс]. - 2019. – URL. <https://www.forbes.kz/process/expertise> (дата обращения: 17.09.2025).
- [3] Sunam, R. Transnational labour migration and livelihoods in rural Asia: Tracing patterns of agrarian and forest change / R. Sunam, K. Barney, J. F. McCarthy // Geoforum. - 2021. - Vol. 118. - P. 113. <https://doi.org/10.1016/j.geoforum.2020.11.004>
- [4] Конарбаева, М.М. Регулирование миграции трудовых ресурсов в сельских районах / М.М. Конарбаева // Проблемы агроэкономики. - 2024. - N 1. - С.250-259. <https://doi.org/10.46666/2024-1.2708-9991.22>
- [5] Di Stefano, E., Tonelli, F. Migration and labor market in China // Bank of Italy [Electronic resource]. - 2018. Available at: <https://www.researchgate.net/publication/327906219> (date of access: 17.09.2025).

References

[6] Бодаухан, К. Внутренняя миграция и ее влияние на развитие социальной инфраструктуры сельских территорий Казахстана / К.Бодаухан, Д.Женсхан, А.Ж. Жолмуханова // Проблемы агрорынка. 2022.- N4.- С.197-206. <https://doi.org/10.46666/2022-4.2708-9991.21>

[7] Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бөлінісі өңірлер бойынша [Электрондық ресурс]. – 2024. – URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/labor-and-income/stat-ags/publications/117681/> (қаралған күні:12.09.2025).

[8] Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы. Қазақстан Республикасының облыстар бойынша халқы [Электрондық ресурс]. – 2024.– URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/socialstatistics/demography/publications/183450/> (қаралған күні:12.09.2025).

[9] Selod, H. Rural-Urban Migration in Developing Countries: Lessons from the Literature / H. Selod, F. Shilpi // Regional Science and Urban Economics. - 2021.- Vol. 91.- Article 103713. <https://doi.org/10.1016/j.regsciurbeco.2021.103713> (date of access:17.09.2025).

[10] Takahashi, Y. Diverse values of urban-to-rural migration: A case study of Hokuto City, Japan / Y. Takahashi, H. Kubota, S. Shigeto, T.Yoshida, Y. Yamagata // Journal of Rural Studies. - 2021. - Vol. 87. - P. 292-299. - DOI: 10.1016/j.jrurstud.2021.09.013 (date of access: 17.09.2025).

[11] Hoogerbrugge, M. Selective migration and urban-rural differences in subjective well-being: Evidence from the United Kingdom / M. Hoogerbrugge, M. Burger // Urban Studies. - 2021. - Vol. 59, No. 10. - P. 2092-2109. <https://doi.org/10.1177/00420980211023052> (date of access:17.09.2025).

[12] Бекенұлы, А. «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша көтермеақы мен бюджеттік несие өсе ме? [Электрондық ресурс].- 2019.- URL: <https://www.inform.kz/kz/diplommenauylga> (қаралған күні:17.09.2025).

[13] Meng, X. Labour Market Impact of Large Scale Internal Migration on Chinese Urban 'Native' Workers / X.Meng, D. Zhang // IZA Institute of Labor Economics. IZA Discussion Paper. -2019.- Article 5288.

[14] Акимбекова, Ч.У. Новые тенденции платформенной занятости сельской молодежи в условиях цифровой трансформации / Ч.У. Акимбекова, В.В. Григорук, К.М. Мейрман // Проблемы агрорынка.- 2024.-N1.- С.183-194. <https://doi.org/10.46666/2024-1.2708-9991.16>

[15] Шайкин, Д.Н. Вопросы сертификации при подготовке кадров экономического профиля для АПК / Д.Н. Шайкин, М.М. Валиева, О.В. Копылова // Проблемы агрорынка. -2024.-N2.- С.38-247. <https://doi.org/10.46666/2024-2.2708-9991.20>

[1] World Migration Report 2024 Reveals Latest Global Trends and Challenges in Human Mobility. (2024). Official site of the International Organization for Migration. Available at: <https://www.worldmigrationreport.iom.int/news> (date of access: 17.09.2025) [in English].

[2] Panchenko, T. (2019). Iz Kazahstana uezzhajut luchshie. Uezzhajut i budut uezzhat' [The best are leaving Kazakhstan. They are leaving and will continue to leave]. Available at: <https://www.forbes.kz/process/expertise> (date of access: 17.09.2025) [in Russian].

[3] Sunam, R., Barney, K., McCarthy, J.F. (2021). Transnational labour migration and livelihoods in rural Asia: Tracing patterns of agrarian and forest change. *Geoforum*, 118, 1-13. <https://doi.org/10.1016/j.geoforum.2020.11.004> [in English].

[4] Konarbaeva, M.M. (2024). Regulirovanie migracii trudovyh resursov v sel'skih rajonah [Regulation of labor resource migration in rural areas]. *Problemy agrorynka - Problems of AgriMarket*, 1, 250-259. <https://doi.org/10.46666/2024-1.2708-9991.22> [in Russian].

[5] Di Stefano, E., Tonelli, F. (2018). Migration and labor market in China. Bank of Italy. Available at: <https://www.researchgate.net/publication/327906219> (date of access: 17.09.2025) [in English].

[6] Bodauhan, K., Zhensihan, D., Zholmuhanova, A.Zh. (2022). Vnutrennjaja migracija i ee vlijanie na razvitie social'noj infrastruktury sel'skih territorij Kazahstana [Internal migration and its impact on the development of social infrastructure in rural areas of Kazakhstan]. *Problemy agrorynka - Problems of AgriMarket*, 4, 197-206. <https://doi.org/10.46666/2022-4.2708-9991.21> [in Russian].

[7] Qazaqstan Respublikasy Strategijalyq žosparlau žәне reformalar agenttiginin Ultyq statistika bürosy [Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan] (2024). Qazaqstan Respublikasynyñ ákimshilik-aumaqtyq bölınısı óñirler bojnşa [Administrative-territorial division of the Republic of Kazakhstan by regions]. Available at: <https://stat.gov.kz/ru/industries/labor-and-income/stat-ags/publications/117681/> (date of access: 12.09.2025) [in Kazakh].

[8] Qazaqstan Respublikasy Strategijalyq žosparlau žәне reformalar agenttiginin Ultyq statistika bürosy [Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan] (2024). Qazaqstan Respublikasynyñ oblystar bojnşa halqy [Population of the Republic of Kazakhstan by regions]. Available at: <https://stat.gov.kz/ru/industries/socialstatistics/demography/publications/183450/> (date of access: 12.09.2025) [in Kazakh].

[9] Selod, H., Shilpi, F. (2021). Rural Urban Migration in Developing Countries: Lessons from

the Literature. *Regional Science and Urban Economics*, 91, 103713. <https://doi.org/10.1016/j.regsciurbeco.2021.103713> (date of access: 17.09.2025) [in English].

[10] Takahashi, Y., Kubota, H., Shigeto, S., Yoshida, T., Yamagata, Y. (2021). Diverse values of urban to rural migration: A case study of Hokuto City, Japan. *Journal of Rural Studies*, 87, 292-299. DOI: 10.1016/j.jrurstud.2021.09.013 (date of access: 17.09.2025) [in English].

[11] Hoogerbrugge, M., Burger, M. (2021). Selective migration and urban-rural differences in subjective well being: Evidence from the United Kingdom. *Urban Studies*, 59 (10), 2092-2109. <https://doi.org/10.1177/00420980211023052> (date of access: 17.09.2025) [in English].

[12] Bekenuly, A. (2019). «Diplommen auyлга» baǵdarlamasy boıynsha kótermeaqy men búdzhetik nesie óse me? [Will the lump-sum payment and budget loan under the "With a diploma to the village" program increase?]. Available at: <https://www.inform.kz/kz/diplommen-auylga> (date of access: 17.09.2025) [in Kazakh].

[13] Meng, X., Zhang, D. (2019). Labour Market Impact of Large Scale Internal Migration on Chinese Urban 'Native' Workers. IZA Institute of Labor Economics. IZA Discussion Paper, 5288 [in English].

[14] Akimbekova, Ch.U., Grigoruk, V.V., Mejrman, K.M. (2024). Novye tendencii platformennoj zanjatosti sel'skoj molodezhi v uslovijah cifrovoj transformacii [New trends in platform employment of rural youth in the context of digital transformation]. *Problemy agrorynka - Problems of AgriMarket*, 1, 183-194. <https://doi.org/10.46666/2024-1.2708-9991.16> [in Russian].

[15] Shajkin, D.N., Valieva, M.M., Kopylova, O.V. (2024). Voprosy sertifikacii pri podgotovke kadrov jekonomicheskogo prof dlja APK [Issues of certification in the training of economic profile personnel for the agro-industrial complex]. *Problemy agrorynka - Problems of AgriMarket*, 2, 238-247. <https://doi.org/10.46666/2024-2.2708-9991.20> [in Russian].

Авторлар туралы ақпарат:

Жапаков Сабыржан Малиұлы - негізгі автор; экономика магистрі; «Кеден, қаржы және экологиялық құқық» кафедрасының аға оқытушы; Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті; 050040 Өл-Фараби даңғ., 71, Алматы қ., Қазақстан; e-mail: sabyrzhan.zhapakov@kaznu.edu.kz; <https://orcid.org/0000-0002-9201-3145>

Өміржанов Есбол Тоқтарбайұлы; Ph.D, доцент; «Халықаралық құқық» кафедрасының доценті; Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті; 050040 Өл-Фараби даңғ., 71, Алматы қ., Қазақстан; e-mail: yesbol_1981@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-2530-6658>

Құтлымуратов Фархад Қалбаевич; Ph.D, доцент; «Құқық» кафедрасының доценті; Бердақ атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университеті; 230112 Академик Ч.Әбдіров көш., 1, Нукус қ., Өзбекстан; e-mail: q.farkhad@karsu.uz; <https://orcid.org/0000-0002-8749-727X>

Information about the authors:

Zhapakov Sabyrzhan - The main author; Master of Economics; Senior Lecturer of the Department of Customs, Finance and Environmental law; Al-Farabi Kazakh National University; 050040 Al-Farabi Ave., 71, Almaty, Kazakhstan; e-mail: sabyrzhan.zhapakov@kaznu.edu.kz; <https://orcid.org/0000-0002-9201-3145>

Omirezhanov Yesbol; Ph.D, Associate Professor; Associate Professor of the Department of International Law; Al-Farabi Kazakh National University; 050040 Al-Farabi Ave., 71, Almaty, Kazakhstan; e-mail: yesbol_1981@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-2530-6658>

Kutlimuratov Farkhad Kalbaevich; Ph.D, Associate Professor; Associate Professor of the Department of Law; Berdaq Karakalpak State University; 230112 Academician Ch. Abdirov str., 1, Nukus, Uzbekistan; e-mail: q.farkhad@karsu.uz; <https://orcid.org/0000-0002-8749-727X>

Информация об авторах:

Жапаков Сабыржан Малиевич - основной автор; магистр экономики; старший преподаватель кафедры «Таможенное, финансовое и экологическое право»; Казахский национальный университет им.аль-Фараби; 050040 пр. Аль-Фараби, 71, г.Алматы, Казахстан; e-mail: sabyrzhan.zhapakov@kaznu.edu.kz; <https://orcid.org/0000-0002-9201-3145>

Омиржанов Есбол Тоқтарбаевич; Ph.D, доцент; доцент кафедры «Международное право»; Казахский национальный университет им. аль-Фараби; 050040 пр. Аль-Фараби, 71, г.Алматы, Казахстан; e-mail: yesbol_1981@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-2530-6658>

Құтлымуратов Фархад Қалбаевич; Ph.D, доцент; доцент кафедры «Право»; Каракалпакский государственный университет им. Бердака; 230112 ул. Акад. Ч. Абдилова, 1, г.Нукус, Узбекистан; e-mail: q.farkhad@karsu.uz; <https://orcid.org/0000-0002-8749-727X>